

Турдубекова Д.Н.
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекші: Азизова А.Ф.

*Мультимедиалық технологияларды оқыту процесінде пайдаланудың
шарттары мен аспектілері*

Қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынууда. Білім берудің мазмұны жанарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты үйрете жүріп, үйрену. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологияларын сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын, білгір мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Республикасындағы білімді ақпараттандыру жүйесі «Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру» мемлекеттік бағдарламасы және «Қазақстан Республикасы ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту» мемлекеттік бағдарламалары негізінде қалыптасып, даму процесін жалғастыруда. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі білім беру жүйесін түбегейлі түрде өзгертеді. Мұндай жағдай алдыңғы сапқа оқыту материалдарын электрондық құралдар арқылы беруді көздейді.

Әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Себебі, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туындап отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі инновациялық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр.

Қазіргі заманғы оқытушы үшін құралдар тек қызықты сабақ беру емес, сонымен қатар осындай сабақтарды құрастыру, білім алушыларды бақылау құралын құрастыру, үлгерімді және оқытудың мәселелік облыстарын қарау және зерттеу үшін қажет. Ақпараттық және коммуникативті технологияны қолдану оқу материалымен жұмыс істеуді жеңілдетеді және оқытудың жаңа әдістеріне көшуге мүмкіншілік тудырады.

Білім берудегі мұғалімдер алдындағы басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Дамыған

елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі- оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкей тәсілі мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Қоғам индустриалдық кезеңнен кейінгі дамудың ақпараттық кезеңіне аяқ басты. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен – күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Болашақ білім ошағы – бұл «ақпараттық ғасыр ордасы». Оның негізі – өз бетінше жетіле алуға қабілетті, жалпы және кәсіби мәдениетті меңгерген кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті және ынталы маман.

Жаңа ақпараттық технологиялар, мультимедиялық өнімдер – оқытудың сапасын көтеруге жауапты, білімді, жаңа шешімдер таба алатын, қажетті білімді тез және тиімді қолдаға алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеудің – бірден бір жолы.

Қазіргі уақытта мультимедиялық технологиялар ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып келе жатқан және перспективалы бағыттарының бірі болып табылады.

Мультимедиа (ағылш. multimedia латын multum-көп және medium - құралдар) - пайдаланушыға бірыңғай ақпараттық орта түрінде ұйымдастырылған әртүрлі деректермен (мәтін, графика, анимация, бейне, дыбыс, сөйлеу) интерактивтік (диалогтық) режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені. Мультимедиа ақпараттық технологияларды дамытудың ең перспективті және танымал бағыттарының бірі болып табылады. Олардың мақсаты - суреттер, мәтіндер мен деректер жинақтары, дыбыс, бейне, анимация және басқа да көрнекі әсерлермен қоса, интерактивті интерфейсін және басқа да басқару механизмдерін қамтитын қосымшаларды жасау.

Мультимедиа технологиясы – визуалды және аудиоэффектілерден құралған электрондық өнімдерді дайындау әдістері. Қазіргі таңда электрондық оқулықтарды, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, дыбыстық және бейнелік оқу материалдарын пайдалануда қолданылатын мультимедиялық технологиялар оқыту процесіндегі инновациялық әдістерді жүзеге асыратын бірден бір жаңа ақпараттық технология болып саналады.

Мультимедиа, біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізсе, екіншіден, әртүрлі типті ақпараттарды біріктіре пайдалануға мүмкіндік береді, үшіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппараттық-бағдарламалық құрал болып табылады. Мультимедиялық ақпарат түрлерін (мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейне-ақпарат т.б.) өзара байланыстыру нәтижесінде гипермедиа технологиясы пайда болды.

Мультимедиялық технология мәселесі Қазақстан Республикасының білім жүйесінде мектептерде кеңінен дамыды. Мемлекеттік деңгейде бұл - орта білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасы Президенттің басқаруымен бес жыл мерзімінде үлкен жетістіктерден көрінді. Қазіргі уақытта мектептердегі компьютерлерді білім алуға барынша қолдану қажеттілігі туып

отыр. Осыдан, мультимедиалық технологияларды бүгінгі күні дәстүрлі оқыту үдерісін өзгертуге нәтижелі тәжірибенің жинақталғаны байқалады.

Мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқыту, атап айтқанда, мынадай нәтижелерге қол жеткізеді: оқу материалын терең түсінуге; оқу мотивациясының артуына; алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына; білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б.

Ақпараттық және коммуникативті технологияны қолдану оқу материалымен жұмыс істеуді жеңілдетеді және оқытудың жаңа әдістеріне көшуге мүмкіншілік тудырады.

Мультимедиа технологиясын қолдану әдістемесі сабақтың әр кезеңдерінде білім беру жүйесін басқаруды жетілдіреді; оқу тәсілдерін күшейтеді; оқушылардың ақпараттық мәдениетін жоғарылатуға мүмкіншілік береді, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар облысында білім алушыларды дайындау деңгейін жоғарылатады; компьютердің ойын құрылғысынан басқа мүмкіншіліктерін (демонстрациялау) көрсетеді.

Мультимедиалық сабақтар келесі дидактикалық міндеттерді: пән бойынша базалық білімін бекіту; алынған білімді жүйелеу; өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыру; жалпы білім алуда, сонымен қатар арнайы пәндерді оқуда дәлелдерін қалыптастыру; оқу материалымен жұмыс істеуде оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына оқу-әдістемелік көмек көрсетуге көмектеседі.

Бұл технология оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс. Оқушылардың көпшілігі естігенін 5%, көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Ал бір уақытта аудио және видео ақпаратты қолдану еске сақтауды 40-50% дейін арттырады. Мультимедиа бағдарламалар ақпараттарды әр түрлі формада беруді, сонымен қатар оқыту үрдісін әсерлі етеді.

Мультимедиа технологиясын қолдану сабақ құрылымын түпкілікті өзгертпейді. Онда бұрынғыдай барлық негізгі кезеңдер сақталады.

Гипермәтіндік сілтемелерді қолданатын мультимедиалық презентацияның құрылымды тұтастығы жүйелік, аналитикалық ойлауды дамытады. Одан басқа, презентация көмегімен танымдық әрекетті ұйымдастыруда әртүрлі формаларды қолдануға болады: фронтальді, топпен, жеке.

Сабақта қолданылған мультимедиалық құрал сабақтың дидактикалық мақсатының біртұтастығына тиімді және әсерлі сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Білімділік аспект: оқушының материалды қабылдауы; оқу кезінде байланыс пен қатынас объектісін түсіну.

Дамытушылық аспект: оқушының танымдық қызығушылығын, жалпылау, талдау, салыстыру шеберлігін дамыту, шығармашылық әрекетін белсенді ету.

Тәрбиелілік аспект: ғылыми көзқарасын тәрбиелеу, топтық және өзіндік жұмыс істеуді нақты ұйымдастыруды білу, адамгершілікке, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор. «Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім

бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу білім беру үрдісінің басты мақсаттарының бірі. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын ояту болып табылады.

Білім беру процесінде пән сабақтарын мультимедиалық оқыту технологиялары арқылы байыту - интеллектуалды, физикалық және рухани тұрғыдан дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыруда септігі мол. Әрі, оның тез өзгеріп тұратын әлемде табысты білім алуға деген сұранысын қанағаттандыруда, елдің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуда атқарар маңызы айрықша деп білеміз.

Мультимедиялық технологиялар оқушылардың білім, білік, дағды сапасын арттыруға және өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін арттыруға қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әжібекова Ж. Оқу процесінде гипермәтіндік электрондық оқулықтарды енгізу.// “Информатика негіздері”, №3, 2003. –С. 5-7.
2. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологиаларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.авторөф.– Түркістан, 2007-30б.
3. Хакимова Ж.. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану.
4. Өстеміров. К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы: Казпрофтех, 2007. - 144 б.